

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Жоғарғы Сотта алименттерді өндіріп алу және кеден заңнамасын қолдану жөніндегі істерді қарау мәселелері талқыланды.....2	В Верховном Суде обсуждены вопросы рассмотрения дел по взысканию алиментов и применению таможенного закона.....5
«Соттардың алименттерді өндіріп алу жөніндегі істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 6 нормативтік қаулысы.....8	Нормативное постановление Верховного Суда от 29 ноября 2019 года № 6 «О применении судами законодательства при рассмотрении дел, связанных с взысканием алиментов.....27
«Соттардың кеден заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 7 нормативтік қаулысы46	Нормативное постановление Верховного Суда от 29 ноября 2019 года № 7 «О некоторых вопросах применения судами таможенного законодательства» 54
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары.....62	Постановления судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан.....62
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары.....78	Постановления судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан.....78

Жоғарғы Сотта алименттерді өндіріп алу және кеден заңнамасын қолдану жөніндегі істерді қарау мәселелері талқыланды

Жоғарғы Соттың кезекті жалпы отырысының күн тәртібінде алимент өндіріп алуға байланысты істерді қарау және соттардың кеден заңдарын қолдануы туралы екі нормативтік қаулының (бұдан әрі - НҚ) жобасы қаралды.



Жалпы отырыстың жұмысына Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары мен судьялары, ғылыми-консультативтік кеңестің мүшелері, Конституциялық Кеңестің, Бас прокуратураның, Әділет, Білім және ғылым министрліктерінің, Мемлекеттік кірістер комитетінің, сондай-ақ «Атамекен» ҰКП-ның өкілдері қатысты.



Жоғарғы Соттың судьясы Зәуре Кейкібасова «Соттардың алименттерді өндіріп алу жөніндегі істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы» НҚ жобасын көпшіліктің назарына ұсынды. Ол осы санаттағы істердің 85 пайыздан астамы кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағу үшін алименттерді өндіріп алуға қатысты екенін атап өтті. Балаға алимент өндіріп алу негізгі дау тудырмайтын талап болғандықтан, баламен тұратын ата-ана сот бұйрығын шығару туралы өтінішпен сотқа жүгінуге құқылы.

Алименттерді өндіріп алу туралы сот бұйрықтарының негізсіз

күшін жою фактілерінің анықталғаны туралы да айтылды. Бұған, әдетте, борышкердің дау нысанасы туралы дәлелдемелерді келтірместен, қойылған талаппен келіспеуінің өзі негізге алынады. Сот бұйрығының күшін жою атқарушылық іс жүргізуді тоқтатуға әкеп соғады, яғни бала теріс пиғылды ата-ананың қамқорлығынан біраз уақыт бойы тыс қалады. Тіпті алименттерді өндіріп алу туралы сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін де кейбіреуі алименттерді төлеуден жалтарып жатады.



НҚ жобасында борышкердің берешектердің жиналып қалғанына кінәлі болуының өзі одан тұрақсыздық айыбы мен залалдарды өндіріп алуға негіз болатыны аталып өтілген. Тұрақсыздық айыбын есептеу кезінде алиментті ай сайын төлеп тұру міндет болып табылатыны ескерілуі тиіс. Демек, алиментті төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын төлем мерзімі өткен әрбір ай бойынша есептеу қажет. Осы орайда аталған төлемнің сомасы мен мерзімі өтіп кеткен күндер негізге алынуы тиіс.

Бұлар тұрақсыздық айыбын өндіру туралы сот шешімі шығарылған күні анықталады. НҚ-да осы санаттағы істердің соттылығының ара-жігі анықталып, мемлекеттік баждың мөлшері бойынша түсініктемелер берілген.

Одан соң Жоғарғы Соттың судьясы Жаңылсын Архарова «Соттардың кеден заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы» НҚ жобасын ұсына отырып, азаматтық істердің жалпы құрылымында кедендік даулардың үлес салмағының төмендеп келе жатқанын атап өтті. Бұл қаржылық даулардың көбеюіне байланысты (соңғы төрт жылда 20 миллиард теңгеге жуық хабарламалар дауланды).

Кедендік даулар туралы істердің саны азайған кезде олардың үштен екісі Жоғарғы Сотқа жетіп, келіп түскен әрбір төртінші өтінішхат қанағаттандырылады.

Ж.Архарова Қазақстанның ДСҰ алдындағы міндеттемелерімен және ДСҰ құқығын қолдануымен байланысты осы санаттағы сот дауларының жаңа түрі пайда болғанын айтты. Сот практикасының мәселелері кеден заңнамасының көп



деңгейлі сипатымен тікелей байланысты. Оның өзі жиі өзгеріске ұшырап отырғаны белгілі. Судьяның атап өткеніндей, НҚ-да кедендік даулар бойынша сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз ететін түсініктемелер берілген.

НҚ жобасында тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін қолдану тәртібі, декларанттың құжаттарды (мәліметтерді) ұсынуы, тауарларды жіктеу мәселелері ескерілген. Сонымен қатар кедендік тексеру нәтижелеріне және мемлекеттік кіріс органы лауазымды адамдарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы өтініштерді қарау тәртібі де қамтылған. Аталған жобада осы мәселелер кеден заңнамасының нормаларын қолдану жөніндегі құқықтық ұстанымдар ескеріле отырып әзірленді. Осы ұстанымды Жоғарғы Сот соңғы бес жылда әзірлегенін атап өту қажет.

Жалпы отырысқа қатысушылар НҚ жобаларын талқылаудың қорытындылары бойынша бірқатар ұсыныстар енгізіп, оларды бірауыздан қабылдады.



Редакциялық алқа

В Верховном Суде обсуждены вопросы рассмотрения дел по взысканию алиментов и применению таможенного закона

На повестку дня очередного пленарного заседания Верховного Суда вынесены два проекта нормативных постановлений (НП) – о рассмотрении дел, связанных с взысканием алиментов и применением судами таможенного законодательства.



В работе пленарного заседания приняли участие председатели судебных коллегий и судьи Верховного Суда, члены научно-консультативного совета, представители Конституционного Совета, Генеральной прокуратуры, министерств юстиции, образования и науки, Комитета государственных доходов, а также НПП «Атамекен».



Представляя проект НП «О применении судами законодательства при рассмотрении дел, связанных с взысканием алиментов», судья Верховного Суда Зауре Кейкибасова отметила, что более 85 % дел данной категории касаются взыскания алиментов на содержание несовершеннолетних детей. Поскольку взыскание алиментов на ребенка является бесспорным требованием, то родитель, с которым проживает ребенок, вправе обратиться с заявлением о вынесении судебного приказа.

Установлены факты необоснованной отмены судебных приказов о взыскании алиментов лишь на основании возражения должника, его несогласия, без приведения доказательств о предмете спора. Отмена судебного приказа влечет прекращение исполнительного производства, а, значит, ребенок на некоторое время лишается получения содержания от недобросовестного родителя. И даже после вступления в законную силу судебного акта о взыскании алиментов некоторые плательщики уклоняются от уплаты алиментов.



В проекте НП отмечено, что вина должника в образовании задолженности по алиментам является обязательным основанием для взыскания с него неустойки и убытков. При исчислении неустойки необходимо учитывать, что обязанность по уплате алиментов носит ежемесячный характер, и, следовательно, неустойку за неуплату алиментов необходимо определять по каждому просроченному месячному платежу, исходя из суммы этого платежа и количества дней его просрочки, определяемого

на день вынесения решения суда о взыскании неустойки. В НП четко разграничена подсудность дел данной категории, даны разъяснения по размерам госпошлины

Представляя проект НП «О некоторых вопросах применения судами таможенного законодательства», судья Верховного Суда Жанылсын Архарова отметила незначительным и имеющим тенденцию к снижению удельный вес таможенных споров в общей структуре гражданских дел. Такие споры характеризуются высокой финансовой составляющей (за последние четыре с небольшим года оспорено уведомлений порядка на 20 миллиардов тенге). При незначительном количестве дел о таможенных спорах две трети из них доходят до Верховного Суда, где удовлетворяется поступившее каждое четвертое ходатайство.

Ж.Архарова сообщила о новом виде судебных споров этой категории, связанных с обязательствами Казахстана перед ВТО и применением права



ВТО. Проблемы судебной практики коррелированы с многоуровневым характером таможенного законодательства, подверженного частым изменениям. В НП, как отметила спикер, даны разъяснения, обеспечивающие единообразие судебной практики по таможенным спорам. НП учитывает порядок применения методов определения таможенной стоимости товаров, вопросы предоставления декларантом документов (сведений), классификации товара, порядок рассмотрения заявлений об оспаривании результатов таможенной проверки и действий (бездействия) должностных лиц органа госдоходов. Эти вопросы в проекте НП скорректированы с учетом правовых позиций по применению норм таможенного законодательства, выработанных Верховным Судом за последние пять лет.

По итогам обсуждения проектов НП участники пленарного заседания внесли ряд предложений и приняли их.



Редакционная коллегия

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ № 6 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ

2019 жылғы 29 қараша

Нұр-Сұлтан қаласы

Соттардың алименттерді өндіріп алу жөніндегі істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы

Соттардың алименттерді өндіріп алу жөніндегі істерді қараған кезде заңнаманы біркелкі қолдануын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы мынадай түсіндірмелер беруге қаулы етеді.

1. Алименттерді өндіріп алу жөніндегі дауларды қараған кезде соттар Қазақстан Республикасының Конституциясын (бұдан әрі – Конституция), «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (бұдан әрі – Кодекс), Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексін (бұдан әрі – АПК) және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алуға тиіс. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Кодексте қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

Алименттік міндеттемелердің туындау және олардың тоқтатылу негіздері, сондай-ақ алимент алуға құқығы бар адамдардың және оларды төлеуге міндетті адамдардың тізбесі, алименттерді төлеу және өндіріп алу тәртібі, алименттік міндеттемелерді белгілеумен және орындаумен байланысты өзге де қатынастар Кодекстің 5-бөлімімен реттеледі.

2. АПК-нің 27-бабының үшінші бөлігіне сәйкес әке болуды анықтаумен байланысты алименттерді өндіріп алу туралы талап қоюлар және алименттердің мөлшерін азайту туралы талап қоюлар кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарда қаралуға және шешілуге жатады.

Алименттерді өндірумен байланысты өзге де талап қоюларды, оның ішінде алименттерді төлеу туралы келісімді өзгерту, бұзу немесе жарамсыз деп тану туралы талап қоюларды аудандық (қалалық) соттар қарайды.

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жатқызылған істер кәмелетке толмаған адамның заңды өкілдерінің өтінішхаты бойынша, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, облыс орталықтарының шегінде орналасқан аудандық (қалалық) соттардың соттылығына жататын істерді қоспағанда, баланың тұрғылықты (болатын) жеріндегі аудандық (қалалық) сотта қаралуы мүмкін немесе оған жіберілуі мүмкін.

АПК-нің 30-бабының төртінші бөлігіне сәйкес талап қоюшы алименттерді өндіріп алу туралы талап қоюларды өзінің тұрғылықты жері бойынша беруі мүмкін.

Алименттердің мөлшерін ұлғайту, алименттерді уақтылы төлемеумен байланысты тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюлар өндіріп алушының алименттер алу құқықтарынан туындайтындықтан, ондай талап қоюлар талап қоюшының таңдауымен өзінің тұрғылықты жері не жауапкердің тұрғылықты жері бойынша берілуі мүмкін.

Алименттер төлеуге міндетті адамдардың алименттер төлеуден немесе алименттер бойынша берешекті төлеуден босату туралы талап қоюлары жауапкердің тұрғылықты жері бойынша қаралуға жатады.

3. Кәмелетке толмаған балаларға алименттерді өндіріп алу туралы талап қоюға құқылы адамдар болып мыналар: бала бірге тұратын ата-анасының бірі, баланың қорғаншысы (қамқоршысы), патронат тәрбиеші, баланы қабылдайтын ата-аналар, жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар ұйымдарының басшылары, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, егер бір адам бала асырып алуды баланың екінші ата-анасымен жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары мен міндеттерін сақтай отырып жүргізсе, бала асырап алушы танылуы мүмкін.

4. Алименттер төлеуге міндетті адам және оларды алушы нотариаттың куәландыруына жататын алименттерді төлеу туралы жазбаша келісім жасасуға құқылы. Алименттер төлеуге міндетті адам және (немесе) алименттерді алушы әрекетке қабілетсіз болған жағдайда келісім олардың заңды өкілдері арасында жасалады.

Алименттерді төлеу туралы нотариат куәландырған келісім болмаған жағдайда алимент алуға құқығы бар адам алименттерді өндіріп алу туралы талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

Алименттерді төлеу туралы нотариат куәландырған келісім болмаған жағдайда алименттердің ерікті түрде төленуі өндіріп алушының оларды өндіріп алу туралы талабымен сотқа жүгінуге кедергі болмайды.

5. Кәмелетке толмаған балаларға алименттерді өндіріп алу туралы талаптарды сот іс жүргізудің бұйрықтық немесе талап қою тәртібімен шешеді.

АПК-нің 135-бабының 4) тармақшасына сәйкес сот бұйрығы әке (ана) болудың анықталуына немесе үшінші тұлғаларды тарту қажеттігіне байланысты емес кәмелетке толмаған балаларды бағып-күтуге арналған алименттерді өндіріп алу туралы талаптар бойынша шығарылады.

Сот бұйрықтарының негізінде алименттер Кодекстің 139-бабында белгіленген мөлшерде ата-аналарының табысынан және (немесе) өзге де кірісінен үлестік арақатынас бойынша өндіріледі.

АПК-нің 136-бабына байланысты сот бұйрығын шығару туралы арызда талапқа негіз болған мән-жайлар мен мәлімделген талапты растайтын қоса берілген құжаттардың тізбесі баланың ата-анасы болып

табылатынын растайтын дәлелдемелер (баланың туу туралы куәлігі, неке туралы немесе некені бұзу туралы куәлік, ал егер бала некесіз туылса әке болуын анықтау туралы куәлік); баланың арыз берушімен тұратынын растайтын дәлелдемелер көрсетілуі тиіс.

АПК-нің 138-бабының бірінші бөлігіне сәйкес судья АПК-нің 151, 152-баптарында көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ егер талап АПК-нің 135-бабында көзделмеген; борышкердің тұрғылықты жері Қазақстан Республикасының шегінен тыс болған; мәлімделген талапты растайтын құжаттар ұсынылмаған; талап қою ісін жүргізу тәртібімен қарауға жататын құқық туралы даудың бары байқалған; арыздың нысаны мен мазмұны АПК-нің 136-бабының талаптарына сай келмеген жағдайларда, сот бұйрығын шығару туралы арызды қабылдаудан бас тартады немесе кері қайтарады.

Бұйрық арқылы іс жүргізуде кәмелетке толмаған балаларды бағып-күтуге алименттер үш жылдық мерзім шегіндегі өткен кезең үшін, сондай-ақ тұрақты ақша сомасында өндірілуі мүмкін емес, себебі борышкердің алименттер төлеуден жалтару фактісі сот талқылауында тараптар шақырылып және тиісті дәлелдемелер ұсынылып анықталуға тиіс, ал алименттерді тұрақты ақша сомасында өндіріп алу туралы мәселені шешу Кодекстің 141-бабында көрсетілген мән-жайлардың бар-жоғын тексеруді қажет етеді.

6. АПК-нің 142-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, егер борышкерден белгіленген мерзімде мәлімделген талапқа қарсылық келіп түссе не, егер сот бұйрығында құқықтары мен міндеттері қозғалған басқа да адамнан шығарылған сот бұйрығының заң талаптарына сәйкес еместігі туралы арыз келіп түссе, судья сот бұйрығының күшін жояды.

АПК-нің 141-бабының үшінші бөлігіне сәйкес борышкердің қарсылығы сот бұйрығын беру туралы арызда көрсетілген дау нысанасының бар екендігі тиісті дәлелдемелермен расталуға тиіс (мәселен, заңды күшіне енген әке болуды даулау немесе әкесі жөніндегі мәліметтерді алып тастау туралы сот актілері).

Борышкер қарсылығында дау нысанының болуы жөнінде дәлелдемелерді келтірмей, тек сот бұйрығымен келіспейтінін көрсеткен өзге жағдайларда соттар мұндай қарсылықтарды АПК-нің 141-бабының бесінші бөлігіне сәйкес қайтаруы тиіс.

7. Егер алименттер төлеуге міндетті адамның және оларды алушының арасында алименттер төлеу туралы нотариат куәландырған жазбаша келісім болса, онда сот алименттер өндіріп алу туралы талапты, егер көрсетілген талаппен қатар талап қоюшы алименттер төлеу туралы келісімді бұзуды мәлімдеген және дауды сотқа дейін шешу тәртібінің сақталғанын растайтын дәлелдемелерді ұсынған (Кодекстің 159-бабының 3-тармағы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АҚ)

402-бабының 2-тармағы) немесе алименттер төлеу туралы келісімді жарамсыз деп тану туралы талапты мәлімдеген жағдайда ғана қарауы мүмкін.

Егер талап қоюшы алименттерді төлеу келісін бұзу туралы талап қоюға қатысты дауды сотқа дейін шешу тәртібінің сақталғанын растайтын дәлелдемелерді ұсынбаса, судья АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы негізінде талап қою арызын қайтарады, ал егер іс қозғалса, талап қою арызын АПК-нің 279-бабының 1) тармақшасы негізінде қараусыз қалдырады және талап қоюшыға осы мәселе бойынша алименттерді төлеу туралы келісім тарабына жүгіну құқығын түсіндіреді.

8. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 616-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес алименттерді өндіріп алу туралы талап қоюлар бойынша талап қоюшылар соттарда мемлекеттік баждарды төлеуден босатылады.

Алименттердің мөлшерін ұлғайту, алименттердің уақтылы төленбеуіне байланысты тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюлар өндіріп алушының алименттерді алу құқығынан туындайтынын ескере отырып, мұндай талап қоюлар бойынша талап қоюшылар мемлекеттік бажды төлеуден босатылады.

АПК-нің 117-бабының бірінші бөлігіне сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж сот шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден мемлекет кірісіне толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріп алынады.

Көрсетілген талап қоюлар қанағаттандырылған жағдайда жауапкерден өндіріп алынуы тиіс мемлекеттік баж Салық кодексінің 610-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бағалауға жататын мүліктік сипаттағы талап қою арызы сияқты есептеледі.

Мемлекеттік бажды есептеу мөлшері осы қағидалары алименттерді төлеуге міндетті адамдардың алименттер мөлшерін азайту, алименттерді төлеуден немесе алименттер бойынша берешекті төлеуден босату туралы талап қоюларына қолданылады.

Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабы бірінші бөлігінің 5) тармақшасына сәйкес алименттерді өндіріп алу туралы талап қоюларда – бір жыл ішіндегі төлемдердің жиынтығымен; АПК-нің 104-бабы бірінші бөлігінің 8) тармақшасына сәйкес – төлемдерді немесе берулерді азайту немесе көбейту туралы талап қоюларда – арыз беруші азайтуға немесе көбейтуге үміт артатын, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімдегі жалпы сомамен; АПК-нің 104-бабы бірінші бөлігінің 9) тармақшасына сәйкес – төлемдер мен берулерді тоқтату туралы талап қоюларда – қалған төлемдердің немесе берулердің, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімдегі жиынтығымен айқындалады.

Алименттерді төлеуге міндетті адамдардың алименттердің мөлшерін

азайту, алименттерді төлеуден немесе алименттер бойынша берешекті төлеуден босату туралы талап қоюларды беруі өндіріп алушылардың олардың құқықтарын бұзуымен байланысты болмағандықтан, арыз берушілердің мұндай талап қоюлар бойынша жұмсаған сот шығыстары өтелуге жатпайды.

9. Алименттерді өндіріп алумен байланысты істерді сот талқылауына дайындау барысында соттардың туындаған дауды шешу үшін маңызы бар және тараптардың дәлелдеуі тиіс мән-жайларды дұрыс айқындағаны, адамдардың құрамы туралы мәселені шешкені жөн.

Егер атқару құжаттары негізінде жауапкердің басқа да адамдарға алименттер төлейтіні анықталса, онда мұндай адамдар дау нысанына қатысты дербес талаптар мәлімдемейтін үшінші тұлғалар ретінде іске қатысуы үшін тартылады.

Дау нысанына дербес талаптар мәлімделмейтін үшінші тұлғалар ретінде іске қатысуға талаптар мәлімделмеген алименттер төлеуге міндетті басқа да адамдар тартылуы мүмкін.

Судья істі сот талқылауына дайындау шеңберінде тараптарға олардың материалдық және отбасы жағдайын куәландыратын дәлелдемелерді ұсыну міндеттерін жүктейді.

Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 24) тармақшасына сәйкес материалдық жағдай деп жалақының, зейнетақының, басқа да кірістердің болуын немесе болмауын; олардың мөлшерін; мүлкінің болуын; басқаның отбасы мүшелерінен материалдық көмек алуын немесе алмауын түсіну керек.

Тараптардың материалдық жағдайын айқындаған кезде соттар олардың кірістерінің барлық түрлерін (жалақы, кәсіпкерлік қызметтен, зияткерлік қызмет нәтижелерін пайдаланудан түсетін кірістер, зейнетақы, жәрдемақы, денсаулыққа зиянды өтеу есебіне төлемдер және басқа да төлемдер), сондай-ақ оларға тиесілі кез келген мүлікті (оның ішінде бағалы қағаздар, жарналар, кредит ұйымдарына салымдар, жауапкершілігі шектеулі қоғамның жарғылық капиталындағы үлестер) есепке алуы тиіс.

Алименттерге үміткер адамның көмекке мұқтаждығы мәселесін шешу барысында осы адамның жасын, денсаулығын және өзге мән-жайларды (қажетті тамақ өнімдерін, киімді, дәрілік препараттарды сатып алу шығыстары, тұрғын үй-жай мен коммуналдық қызметтерге және т.б. ақы төлеу) ескере отырып, оның материалдық жағдайының, өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруға жеткілікті болуын, зейнетақының және мемлекет есебінен алынатын өзге де әлеуметтік көмектің осы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жеткіліктілігін, талап қоюшының қандай өзге кірістері бар екенін анықтау қажет.

Отбасылық жағдай деп неке қию (ерлі-зайыпты болу) немесе некені

(ерлі-зайыптылықты) бұзу, жесірлік, балалардың немесе отбасының басқа да мүшелерінің болуы немесе болмауы түсініледі.

Алименттер төлеушінің отбасылық жағдайын анықтаған кезде оның басқа да кәмелетке толмаған немесе еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларының не заң бойынша ол күтіп-бағуға міндетті өзге де адамдардың бар-жоғын анықтап алу қажет. Соттар алименттік құқықтық қатынастардағы екі тараптың мүліктік мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ету қажеттігіне назар аударуы керек.

Сот балаға алименттерді алатын ата-ананы алименттерді жұмсау туралы ай сайынғы жазбаша есепті алименттерді төлейтін ата-анаға ұсынуын міндеттеуге құқылы. Жоғарыда аталған талапты қанағаттандыру туралы сот шешімі алименттер алатын ата-ананың баланы күтіп-бағуға, тәрбиелеуге және оның біліміне алынған алименттерді жұмсау жөніндегі міндеттерді адал орындамаған жағдайда қабылдануы мүмкін.

10. Кәмелетке толмаған балаға алименттер өндіріп алу туралы талапты сот ата-аналардың еңбекке жарамдылығына, сондай-ақ баланың алименттерге мұқтаждығына қарамастан қанағаттандыруы тиіс.

Алименттер мөлшерін ата-аналардың табысына және (немесе) өзге де кірісіне үлестік қатынаста айқындау барысында сот Кодекстің 139-бабының 1-тармағы ережелерін негізге алғаны жөн, оған сәйкес сот кәмелетке толмаған балаларға алименттерді олардың ата-анасынан ай сайын: бір балаға – ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің төрттен бір бөлігі, екі балаға – үштен бір бөлігі, үш және одан көп балаға тең жартысы мөлшерінде өндіріп алады.

Сот осы үлестердің мөлшерін тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайын және өзге де назар аударарлық мән-жайларды ескере отырып, кемітуі немесе көбейтуі мүмкін.

Егер кәмелетке толмаған балаға алименттер өндіріп алу туралы талап баланың екі ата-анасына да қойылса, онда сот ата-аналардың әрқайсысынан өндірілуге тиісті алименттер мөлшерін айқындайды.

11. Егер алименттер төлеуге міндетті ата-ананың тұрақты емес, өзгермелі табысы және (немесе) өзге де кірісі болса не осы ата-ана табысын және (немесе) өзге де кірісін толығымен немесе ішінара заттай немесе шетел валютасында алса немесе оның табысы және (немесе) өзге де кірісі болмаса, сондай-ақ алименттерді ата-ананың табысына және (немесе) өзге де кірісіне үлестік қатынаста өндіріп алу мүмкін болмаған, қиындық туғызатын немесе тараптардың бірінің мүдделерін едәуір бұзатын басқа жағдайларда, сот ай сайын өндіріліп алынатын алименттердің мөлшерін тұрақты ақша сомасында немесе бір мезгілде үлеспен және тұрақты ақша сомасында айқындауға құқылы.

Егер ата-аналардың әрқайсысының қолында балалар қалатын болса, онда сот алименттер мөлшерін ай сайын төленуге жататын тұрақты ақша сомасында айқындайды және оларды ата-аналардың біреуінен аз қамтылған екіншісінің пайдасына өндіреді (Кодекстің 141-бабының 4-тармағы).

Алименттерді төлеуге міндетті ата-ана кірісінің жоғары деңгейі Кодекстің 141-бабында белгіленген табысқа үлестік қатынаста емес тұрақты ақша сомасында алименттерді өндіріп алуға болатын мән-жайларға жатпайды. Сонымен бірге, егер сот ата-ананың табысына және (немесе) өзге кірісіне үлестік қатынаста алименттерді өндіріп алу тараптардың біреуінің мүдделеріне нұқсан келтіретінін анықтаса, алименттер тұрақты ақша сомасында өндіріп алынуы мүмкін.

АПК-нің 72-бабының ережелеріне сәйкес алименттер төлеушінің мүдделерінің бұзылуына байланысты кәмелетке толмаған балаға алименттерді тұрақты ақша сомасында өндіріп алу мүмкіндігімен байланысты мән-жайларды дәлелдеу ауыртпалығы алименттерді төлеуге міндетті адамға жүктеледі.

12. Алименттерді өндіру және оларды төлеуден босату мәселелері бойынша дау болған жағдайда дауды талап қою іс жүргізу тәртібімен шешілетінін соттар назарда ұстауы қажет.

Егер күтіп-бағуына алименттер тағайындалған бала алименттерді төлейтін ата-ананың тәрбиесіне және күтіп-бағуына ауысса, ал өндіріп алушы оларды алудан бас тартпаса, алименттерді төлеуден, сондай-ақ алименттер бойынша берешектен босату атқару құжаттарын орындау тәртібімен емес, осы ата-ананың тиісті талап қоюды беруі арқылы жүргізіледі.

Кодекстің 176-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес сот тәртібімен өндірілген алименттерді төлеу күтіп-бағуына алименттер өндіріп алынған баланы асырап алу кезінде тоқтатылады.

Егер асырап алу туралы сот шешімі заңды күшіне енген сәтте асырап алынған баланың алименттерді төлеуге міндетті ата-анасының алименттер бойынша берешегі болса, берешекті төлеуден босату немесе берешекті азайту туралы мәселені сот Кодекстің 170-бабы 2-тармағының ережелерін ескере отырып, осы ата-ананың талап қоюы бойынша шешеді.

Бала асырап алу туралы сот шешімі сот тәртібімен алименттер өндіріліп алынған ата-ананы, егер осы ата-ананың баланы асырап алуы кезінде Кодекстің 100-бабының 5-тармағына сәйкес жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары мен міндеттері сақталса, алименттерді одан әрі төлеуден босатпайды. Бұл жағдайда өндіріліп алынатын алименттердің мөлшерін өзгертумен, оларды төлеуден босатумен байланысты барлық мәселелерді сот талап қою ісін жүргізу тәртібімен

алименттер төлейтін адамдардың арызы бойынша қарауы тиіс.

13. Баланы асырап алудың күші жойылған кезде Кодекстің 109-бабының 4-тармағында сотқа баланың мүдделерін ескере отырып, бұрынғы бала асырап алушыны Кодекстің 139 және 141-баптарында белгіленген мөлшерде баланы күтіп-бағуға қаражат төлеуге міндеттеу құқығы берілген.

Бұрынғы бала асырап алушылардан өндіріліп алуға жататын баланы күтіп-бағуға қаражат мөлшерін айқындаумен, осы қаражат мөлшерін өзгертумен немесе оларды төлеуден босатумен байланысты мәселелерді, сондай-ақ бұрынғы бала асырап алушылар оны күтіп-бағуға алименттерді төлеу міндетін орындаған кезде туындайтын өзге де мәселелерді сот балаларды күтіп-бағуға олардың ата-аналарынан алименттер өндіріліп алынатын жағдайда қолданылатын қағидалар бойынша шешеді.

14. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын жиырма бір жасқа дейінгі кәмелетке толған балаларға алименттерді өндіріп алу туралы талап қоюларды (Кодекстің 138-бабының 2-тармағы) кәмелетке толғандардың өздері береді.

Бұл жағдайда сот балалардың пайдасына өндірілетін алименттердің мөлшерін Кодекстің 141-бабының 2-тармағына сәйкес тұрақты ақша сомасында айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің (бұдан әрі - АЕК) негізінде тараптардың материалдық және отбасылық жағдайын және назарға алынатын басқа да мән-жайларды ескере отырып, баланы қамтамасыз етудің бұрынғы деңгейі барынша сақталатындай көлемде белгілейді.

Бұл ретте киім сатып алуға, тамақтануға қажетті шығыстарды, оқу ақылы нысанда болған кезде оқыту шығындарын, үй жалдау шығыстарын және т.б. ескерген жөн.

Әрбір жағдайда сот осы шығындардың қажеттіліктерін негізге алуы тиіс.

15. Алименттер алуға құқығы бар еңбекке жарамсыз кәмелетке толған адамдар деп (Кодекстің 143, 145, 147, 148, 153, 154, 155-баптары) белгіленген тәртіппен I немесе II топ мүгедектері деп танылған, сондай-ақ жалпы белгіленген зейнетақы жасына жеткен адамдарды түсіну қажет.

Сот Кодекстің 143-бабы 2-тармағына сәйкес еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларға алименттер мөлшерін алименттер төлеу кезіндегі қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткіштің еселенген қатынасында тараптардың материалдық және отбасылық жағдайы мен басқа да назар аударарлық мүдделерін негізге ала отырып айқындайды.

Істің нақты мән-жайларын ескере отырып сот алименттер

өндіріліп алынуға жататын кезеңді (мысалы, талап қоюшыға мүгедектік белгіленген кезеңге, егер медициналық-әлеуметтік сараптама мекемесінің қайта куәландыруының мерзімі белгіленсе) белгілеп, оларды өндіріп алуы және жауапкерден ай сайын алименттер өндіріп алынуға жататын мерзім басталғанға дейінгі күнді көрсетуі мүмкін.

16. Кодекстің 145-бабының 1-тармағына сәйкес еңбекке жарамсыз көмекке мұқтаж ата-аналар өздерінің еңбекке жарамды кәмелетке толған балаларынан күтіп-бағуын талап етуге құқылы.

Соттар ата-аналардың басқа да еңбекке жарамды кәмелетке толған балаларының бар-жоғын, олардың қайсысы және қандай нысан мен мөлшерде көмек көрсететінін анықтауы қажет. Сот Кодекстің 145-бабының 4-тармағы негізінде алименттер мөлшерін, оның ішінде аталған мән-жайларды ескере отырып, ата-аналардың талабы барлық балаларға, олардың біріне немесе олардың бірнешеуіне қойылғанына қарамастан, айқындауға құқылы.

Егер сот жауапкерге қатысты талап қоюшылар ата-ана құқықтарынан айырылғанын анықтаса, сот алименттерді өндіріп алу туралы талапты қанағаттандырудан бас тартады. Ата-ана міндеттерін орындаудан талап қоюшылардың жалтаруы фактісін растайтын мән-жайлар анықталған жағдайда сот алименттерді өндіріп алу туралы талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуы мүмкін. Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен күтіп-бағуы бойынша өз міндеттерін орындауынан жалтаруы деп балалардың адамгершілік және дене бітімі дамуына, оларды оқытуға, қоғамға пайдалы еңбекке баулуға қамқорлық танытпауды, алименттер төлеуден өрескел жалтаруды түсіну қажет.

Кәмелетке толған асырап алынған балалардың бала асырап алушыларды күтіп-бағу бойынша міндеттері балалардың ата-аналары алдындағы міндеттері сияқты айқындалады.

17. Алименттерге құқығы бар отбасының басқа да мүшелеріне мыналар: кәмелетке толмаған аға-інілер мен апа-сіңлілер, кәмелетке толмаған немерелер, еңбекке жарамсыз аталар мен әжелер, кәмелетке толмаған іс жүзінде тәрбиелеген және күтіп баққан еңбекке жарамсыз көмекке мұқтаж адамдар, еңбекке жарамсыз өгей әке мен өгей ана жатады (Кодекстің 151, 152, 153, 154, 155-баптары).

Соттар отбасының басқа мүшелерінің алименттерді өндіріп алу туралы талап қоюларын қараған кезде талап қоюшылар еңбекке жарамсыз және көмекке мұқтаж болып, ата-аналарынан, еңбекке жарамды кәмелетке толған балаларынан, немерелерінен немесе жұбайынан (бұрынғы жұбайынан) қаражат ала алмаған жағдайда Кодекстің 151, 152, 153, 154, 155-баптарында аталған отбасы мүшелерінен алименттер өндіріп алу құқығы туындайды. Отбасы мүшелерінен қаражат алу мүмкіндігінің бар-жоғы туралы мәселені шешу кезінде сотқа

олардың еңбекке қабілеттігін, сондай-ақ олардан алименттер ала алмау себептерін зерделеу қажет.

Кодекстің 151-бабында көзделген еңбекке жарамды ағалары мен апаларының өздерінің кәмелетке толмаған туған бауырларын, сондай-ақ кәмелетке толған еңбекке қабілетсіз аға-інілері мен апа-сіңлілерінің көмегіне мұқтаж еңбекке жарамсыз туған бауырларын күтіп-бағу міндеті ата-анасы бір, ата-анасы бөлек аға-інілер мен апа-сіңлілерге де қолданылады.

18. Күтіп-бағу міндеті тәрбиеленушілеріне жүктелетін кәмелетке толмаған балаларды іс жүзінде тәрбиелеген және күтіп-баққан адамдар деп (Кодекстің 154-бабы) баланың туысқандарын, сонымен қатар бала асырап алушы, баланың қамқоршысы (қорғаншысы), қабылдаған ата-анасы немесе баланың патронат тәрбиешісі болмаса да, баланы тәрбиелеу мен күтіп бағуды жүзеге асырған, онымен туыс емес адамдарды түсінген жөн.

Егер тәрбиешілер тәрбиеленушілерді бес жылдан аз уақыт күтіп-бақса және тәрбиелесе, олар өздерінің тәрбиеленушілерін тиісті түрде күтіп-бақпаса және тәрбиелемесе, сот Кодекстің 154-бабының 2-тармағына сәйкес тәрбиеленушілерді өздерін іс жүзінде тәрбиелеген адамдарды күтіп-бағу міндетінен босатуға құқылы. Тәрбиеленушілерді іс жүзінде тәрбиелеген адамдардың алименттер өндіріп алу туралы талап қоюларын шешу кезінде заңды маңызы бар мән-жайларды анықтауға балаларды іс жүзінде тәрбиелеу мен күтіп-бағу жүзеге асырылған мерзім, тәрбиешілердің оларды тәрбиелеу мен күтіп-бағуды тоқтату себептері (мысалы, іс жүзіндегі тәрбиешінің науқастануы, балаларды ата-аналарына қайтару, балалардың он сегіз жасқа толуы салдарынан), сондай-ақ тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен күтіп-бағу жатады.

19. Кемінде бес жыл тәрбиелеген және күтіп-баққан (егер бұл міндеттер тиісінше орындалса) көмекке мұқтаж еңбекке жарамсыз өгей әкеге немесе өгей шешеге, оның ішінде баладан бөлек тұратын ата-анасы көрсетілген кезеңде осы баланы күтіп-бағуға және тәрбиелеуге қатысқан жағдайда да өгей ұлдарынан және өгей қыздарынан алименттерді сот өндіріп алуға құқылы.

Егер өгей әке (өгей шеше) мен өгей баланың (өгей қыздың) ата-анасы арасындағы неке өгей баланың (өгей қыздың) ата-анасының қайтыс болуы немесе қайтыс болды деп жариялануы салдарынан тоқтатылса, онда бұл мән-жай өгей ұлдан (өгей қыздан) алименттер өндіріп алу туралы өгей әкесінің (өгей шешесінің) талап қоюын қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз бола алмайды.

20. Кодекстің 156-бабының 3-тармағы ережелерінің негізінде, егер Кодекстің 151, 152, 153, 154, 155-баптарында көрсетілген отбасы мүшесіне алименттер өндіріп алу туралы талап қою оны

күтіп-бағуға міндетті барлық адамдарға бір мезгілде қойылса, сот олардың материалдық, отбасылық жағдайын, сондай-ақ өзге де назар аударарлық мән-жайларын ескере отырып, міндетті адамдардың әрқайсысы төлеуге тиіс алименттер мөлшерін айқындайды. Міндетті адамдардың біреуіне немесе бірнешеуіне талап қойылған жағдайда сот талап қоюшыны күтіп-бағуға міндетті барлық адамдарды ескереді және осы адамдарды ескере отырып, өндіріп алуға жататын алименттердің мөлшерін белгілеуі мүмкін.

21. Ерлі-зайыптылардың біреуі екіншісінен алименттер өндіріп алу туралы талап-қоюын шешкен кезде ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттерін, соның ішінде бір-бірін материалдық қолдау міндеті, неке қиюды мемлекеттік тіркеген күнінен бастап туындайтынын ескеру қажет.

Осы үшін қажетті қаражаты бар екінші жұбайдан (бұрынғы жұбайынан) алименттер төлеуді сот тәртібімен талап етуге құқығы бар адамдар тобы Кодексте (Кодекстің 147-бабының 2-тармағы, 148-бабының 1-тармағы) белгіленген.

Неке жарамсыз деп танылған жағдайда адал ниетті жұбайы бұрынғы жұбайынан алименттер өндіріп алу туралы талап қою арызымен сотқа жүгінуге құқылы (Кодекстің 28-бабының 4-тармағы).

Кодекстің 147-бабының 2-тармағына және 148-бабының 1-тармағына сәйкес жұбайы қажетті қаражаты бар жұбайынан (бұрынғы жұбайынан) ғана алименттер талап етуге құқылы болғандықтан, сот, егер жауапкерде алименттер төлегеннен кейін қалған қаражат есебінен заң бойынша ол күтіп-бағуға міндетті отбасы мүшелерінің өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтын жағдайға әкеп соқпаса, алименттер өндіріп алу туралы талап қою арызын қанағаттандыруы мүмкін.

22. Кодекстің 147-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына және 148-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес зайыбы (бұрынғы зайыбы) жүкті болған кезде және олардың ортақ баласы туған күнінен бастап үш жыл ішінде жұбайынан (бұрынғы жұбайынан) күтіп-бағуды талап етуге құқылы.

Талап қоюшыда көрсетілген кезеңдерде табысының не өзге де кірісінің болуын сот жауапкерден өндіріп алуға жататын алименттердің мөлшерін анықтаған кезде ескеруі мүмкін.

Егер ерлі-зайыптылардың ортақ баласы үш жасқа толғанға дейін оған баланың әкесі күтім жасаса, ал баланың анасы оны тәрбиелеуден және күтіп-бағудан шеттетілген жағдайда, заңның ұқсастығын негізге ала отырып (Кодекстің 5-бабының 2-тармағы) жұбайы (бұрынғы жұбайы) жұбайына (бұрынғы жұбайына) бала үш жасқа толғанға дейін күтіп-бағу туралы талап қою арызымен сотқа жүгінуге құқылы.

23. Сот жұбайдың көмекке мұқтаж еңбекке жарамсыз екінші жұбайды күтіп-бағу міндетінен босатуы немесе некеде тұрған кезеңде де, неке бұзылғаннан кейін де бұл міндетті белгілі бір мерзімге шектеу мүмкін болатын негіздерді белгілейтін Кодекстің 150-бабының ережелерін қолдану барысында жұбайының еңбекке қабілетсіздігі спирттік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, не осыларға ұқсас заттарды теріс пайдалануы салдарынан басталғаны – тиісті медициналық құжаттармен, ал нәтижесінде еңбекке жарамсыз болғаны қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасау фактісі соттың заңды күшіне енген айыптау үкімімен не сот қаулысымен немесе қылмыстық қудалау органының ақталмайтын негіз бойынша қылмыстық істі тоқтату туралы қаулысымен расталуы тиіс екенін ескеру қажет.

Сот некеде ұзақ тұрмау (бес жылға дейін) себебіне байланысты және алименттер төлеуді талап ететін жұбайы отбасында лайықсыз мінез-құлық көрсеткен жағдайларда екінші жұбайын күтіп-бағу жөніндегі міндеттен босатуы мүмкін.

Талап қоюшының спирттік ішімдіктерді немесе есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және (немесе) осыларға ұқсас заттарды теріс пайдалануы, құмар ойындармен айналысуы, отбасы мүдделеріне қайшы келетін өзге де мінез-құлық лайықсыз мінез-құлқы ретінде қаралуы мүмкін.

Осы санаттағы істерді қарау барысында қылмыстық құқық бұзушылық қашан жасалғанын, не отбасында лайықсыз мінез-құлық фактілерінің орын алғанын, олардың жасалу сипатын, ауырлығын және салдарын, сондай-ақ талап қоюшының кейінгі мінез-құлқын ескеру қажет.

Егер алименттер өндіріп алу туралы талапты көмекке мұқтаж еңбекке жарамсыз бұрынғы жұбайы ұсынса, сот Кодекстің 150-бабында көзделген қағидаларды қолдануы мүмкін.

24. Кодекстің 47-бабының 5-тармағына сәйкес некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) әке болуы анықталған жауапкердің баланың анасын күтіп-бағуының өзге тәртібі көзделгенін соттардың ескергені жөн.

Ақша қаражатының мөлшері және төлемдердің кезеңділігі тараптардың материалдық және отбасылық жағдайы мен назар аударарлық басқа да мүдделерін негізге ала отырып, ақша қаражаты төленетін сәтке заңда белгіленген АЕК-ке еселенген арақатынаспен айқындалады.

25. Алименттер төлеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және нотариатта куәландыруға жатады.

Алименттер төлеу туралы келісімнің заңда белгіленген нысанын сақтамау АҚ-нің нормаларында көзделген салдарларға әкеп соғады.

Алименттер төлеу туралы келісімде міндетті түрде алименттер мөлшері, төлеу тәсілі мен тәртібі қамтылуы тиіс.

Алименттер мынадай тәсілдермен: алименттер төлеуге міндетті адамның табысына және (немесе) өзге де кірісіне үлеспен;
кезең-кезеңмен төленіп тұратын тұрақты ақша сомасымен;
біржолғы төленетін тұрақты ақша сомасымен;
мүлік беру жолымен;
келісімге қол жеткізілген өзге де тәсілдермен (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету және т.б.) төленуі мүмкін.

Алименттер төлеу туралы келісімде алименттер төлеудің әртүрлі тәсілдерін ұштастыру көзделуі мүмкін.

Кодекстің 159-бабының 1-тармағына сәйкес алименттер төлеу туралы келісімді жасауға, орындауға, өзгертуге, бұзуға және жарамсыз деп тануға АҚ-нің азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасауды, орындауды, өзгертуді, бұзуды және жарамсыз деп тануды реттейтін нормалары қолданылады.

АҚ-нің 401-бабында көрсетілген мән-жайлардан басқа, алименттер төлеу туралы келісімді өзгерту және бұзу үшін тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайының елеулі өзгеруі де негіз болып табылады (Кодекстің 159-бабының 3-тармағы). Алименттер төлеу туралы келісімді өзгерту немесе бұзу туралы мәселені шешу кезінде сот тараптардың кез келген назар аударуға жататын мүдделерін ескеруге құқылы.

Тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайының өзгеруін сот елеулі деп тануы және алименттер төлеу туралы келісімді өзгерту немесе бұзу туралы талапты қанағаттандыру үшін негіз болуы мүмкін. Егер келісім жасасу сәтінде тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайының соншалықты өзгеруі орын алса, онда ол кез келген келісім тарабы мүдделерінің бұзылуына байланысты жасалмайды, не оны тараптар едәуір өзгеше шарттармен жасайды.

Алименттер төлеу туралы келісім сот тәртібімен өзгертілген немесе бұзылған кезде тараптардың міндеттемелері осы келісімді өзгерту немесе бұзу туралы сот шешімі заңды күшіне енген сәттен бастап өзгертілген немесе тоқтатылған болып саналатынын ескеру қажет.

26. Кодекстің 159-бабының 1-тармағына сәйкес алименттер төлеу туралы келісімді АҚ-де көзделген негіздер бойынша сот жарамсыз деп тануы мүмкін, оларға, атап айтқанда: әрекетке қабілетсіз деп танылған адаммен келісім жасасу, алдау, зорлық-зомбылық, қорқыту немесе қолайсыз мән-жайлар әсерінен келісім жасасу, жалған және құлықпен жасалған мәмілелер (АҚ-нің 159, 160-баптары) жатады.

Кодекстің 160-бабына сәйкес, егер келісімде көзделген кәмелетке толмаған баланы немесе кәмелетке толған әрекетке қабілетсіз отбасы мүшесін күтіп-бағу шарттары олардың мүдделерін елеулі түрде бұзатын болса, сот кәмелетке толмаған баланың немесе

кәмелетке толған әрекетке қабілетсіз отбасы мүшесінің заңды өкілінің, сондай-ақ қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның немесе прокурордың талап етуі бойынша алименттер төлеу туралы нотариатта куәландырылған келісімді жарамсыз деп тануға құқылы. Атап айтқанда, кәмелетке толмаған балаға келісімде белгіленген алименттердің мөлшері оның сот тәртібімен өндіріп алуы мүмкін мөлшерінен төмен болмауы тиіс (Кодекстің 161-бабының 2-тармағы).

27. Соттардың алименттер төлеу туралы келісім атқарушылық іс жүргізу құжаттарының тізбесіне кірмейтінін («Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңының (бұдан әрі Атқарушылық іс жүргізу туралы заң) 9-бабы) ескергені жөн, осыған байланысты алименттер төлеу туралы келісімді мәжбүрлеп орындату үшін өндіріп алушы келісімде атқарушылық құжат болып табылатын атқарушылық жазба жасайтын нотариусқа жүгінуге құқылы.

Өндіріп алушы атқарушылық жазбаны алименттер төлеу туралы келісімнің негізінде алименттер бойынша берешекті айқындайтын сот орындаушысына мәжбүрлеп орындатуға беруге құқылы (Кодекстің 169-бабының 3-тармағы).

28. АПК-нің 240-бабы жетінші бөлігіне сәйкес, егер жауапкерден мерзімдік төлемдер өндіріп алынатын шешім заңды күшіне енгеннен кейін төлемдердің мөлшерін анықтауға немесе олардың ұзақтығына ықпал ететін мән-жайлар өзгерсе, тараптардың әрқайсысы жаңа талап қою арқылы мерзімді төлемдерді жүргізу мөлшері мен мерзімдерін өзгертуді талап етуге құқылы.

Алименттер төлеушінің табысына және (немесе) өзге де кірісіне үлестік қатынаста сот шешімі (сот бұйрығы) бойынша кәмелетке толмаған балаға алименттер өндіріп алу алименттер алушыға заңда көзделген негіздер болған кезде (Кодекстің 141-бабы) алименттерді тұрақты ақша сомасында және (немесе) бір мезгілде үлеспен және тұрақты ақша сомасында өндіріп алуды талап етуге кедергі келтірмейді.

Аталған талапты сот АПК-нің 246-бабында көзделген қағидалар бойынша емес, талап қою ісін жүргізу тәртібімен қарайды, өйткені бұл жағдайда сот шешімін орындау тәсілі мен тәртібін емес, алименттер мөлшерін өзгерту мәселесі шешілуі тиіс.

29. Кодекстің 175-бабының 1-тармағына сәйкес, егер алименттер төлеу туралы келісім болмаған кезде алименттер мөлшері сот тәртібімен белгіленгеннен кейін тараптардың бірінің материалдық немесе отбасылық жағдайы өзгерсе, сот кез келген тараптың талап етуі бойынша белгіленген алименттер мөлшерін өзгертуге құқылы. Алименттер мөлшері өзгертілген кезде сот тараптардың назар аударарлық өзге де мүдделерін ескеруге құқылы.

Кәмелетке толмаған балаға алименттер төлейтін ата-ананың алименттер мөлшерін төмендету туралы талабын шешкен кезде ата-ананың материалдық немесе отбасылық жағдайының өзгеруі оның талап қоюын қанағаттандыру үшін сөзсіз негіз болып табылмайды, өйткені мұндай өзгерістердің оған алименттерді бұрынғы мөлшерде төлеуге мүмкіндік бермейтінін анықтау қажет.

Балаларға және отбасының басқа да мүшелеріне сот бұрын белгілеген алименттер мөлшері өзгерген кезде оларды жаңадан белгіленген мөлшерде өндіріп алу шығарылған сот шешімі заңды күшіне енген күнінен бастап жүргізіледі.

Өндіріп алынатын алименттік төлемдердің мөлшерін өзгерткен сот шешімнің көшірмесін алименттерді өндіріп алу туралы шешім шығарған сотқа жолдауға міндетті.

Сот бұрын белгіленген мөлшерде алименттер өндіріп алу туралы атқарушылық құжат кері қайтарып алынған кезде осы атқарушылық құжат бойынша берешек болған жағдайда сот орындаушысы ол туралы сотқа хабарлап, атқарушылық құжаттың орындалуын берешек өтелгенге дейін жалғастырылатынын көрсетуі тиіс. Берешек толық көлемде өндіріліп алынғаннан кейін атқарушылық құжат оны кері сұратқан сотқа қайтарылады.

30. Талап қоюшының материалдық жағдайының нашарлағанын және (немесе) оның отбасылық жағдайының өзгергенін куәландыратын дәлелдемелер болған кезде сот оның алименттер бойынша берешекті төлеуден толық немесе ішінара босату туралы талабын қанағаттандыру туралы шешімді, егер алименттерді төлемеуге дәлелді себептер болса, ал талап қоюшының материалдық және (немесе) отбасылық жағдайының өзгеруі алименттер бойынша пайда болған берешекті өтеуге мүмкіндіктің жоқтығы анықталса, қабылдауға құқылы.

ҚПК-нің 19-бабына сәйкес әркім өзінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы кінәлілігі осы Кодексте көзделген тәртіппен дәлелденгенге және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз болып саналады. Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәлілігіне сөйілмеген күмән олардың пайдасына түсіндіріледі. Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңдарды қолдану кезінде туындаған күмәндар да күдіктінің, айыпталушының, сотталушының пайдасына шешілуге тиіс делінген.

Айыптау үкімі болжамдарға негізделіп алмайды, үкім жол берілетін және анық дәлелдемелердің жеткілікті жиынтығымен расталуы тиіс.

Сот алқасы бұл талаптар осы қылмыстық іс бойынша сақталмай, Р.-ға қатысты айыптау үкімі болжамдарға негізделіп қабылданған деп есептейді.

Соттың айыптау үкімін қабылдауына дәлелдеме ретінде жәбірленушілер Қ., М., Е., Н., С., Т., Д.-лардың оларды бірнеше рет застава бастығы Р.-ның ұрғанын көрсеткен айғақтары негіз болған.

Қылмыстық істің құжаттарына қарағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында куә Ж. 2015 жылғы 7 қыркүйекте фельдшер Б.-мен «Маралды» заставасына жауынгерлеріне «кене энцефалитіне» қарсы екпе жасау үшін барғандарын, екпе жасау алдында әрбір әскери қызметкерді

толықтай шешіндіріп, денесіне тексеру жүргізгенін бекіткен. Тексеру кезінде екі сарбаздың, яғни біреуінің тізесінен төменірек сырылғаннан түскен қотыр және екіншісінің құлағында көгерген дене жарақаттарын байқағанын, ал қалған сарбаздардың денесінде зақым болмағанын, олар денсаулықтарына қатысты шағымдар айтпағандарын көрсеткен.

Куә Б. да осы тектес айғақ беріп, әскери қызметшілердің денелерін майор Ж. тексеріп қарағанын, өзі тек екпе жұмыстарын жасағанын, екпе жасау кезінде әскери қызметшілердің ешқайсысынан жара немесе қанды ісік көрмегенін бекіткен.

Майор Ж.-ның 2015 жылғы 13 қыркүйектегі анықтамасына сәйкес жауынгерлер Д., О., З., Х., К., Е., Н., С.,Т.-ларға қатысты денелеріне тексеру жүргізу кезінде қандай да дене зақымданулар анықталмағаны және денсаулықтарына шағым келтірмегені көрсетілген.

Сонымен қатар іске тіркелген 2015 жылғы 15 шілдедегі № 112 сот-медициналық сараптама қорытындысына сәйкес жәбірленуші Қ.-ның сол жақ құлақ қалқанының қанталағаны түрінде жеңіл дәрежелі дене жарақаты келтірілгені, бұл жарақат өтпейтін қатты заттармен соғу кезіндегі әрекеттерден алынғаны, 10-14 тәулік бұрын түсуі мүмкін екендігі көрсетілген.

Ал № 113 сот-медициналық сараптамасының қорытындысында жәбірленуші М.-ға оң жіліншігінің сырылғаны және сол жақ санының көгергені түрінде жеңіл дәрежедегі дене жарақаттары түскені, оң жақ балтырының алдыңғы бетіндегі ақшылдау жер жазылған жараның орнынан қалуы мүмкін екендігі, шамамен 9-12 тәулік бұрын, ал сол жамбасының үштен бір бөлігінің ортасы аумағындағы қанталаған жердің орны шамамен 10-14 тәулік бұрын түскені анықталған.

Сонымен қатар 2015 жылғы 07 желтоқсандағы № 80, 82 қосымша сот-медициналық сараптама қорытындыларында жәбірленушілер Қ.-ның, М.-ның денелерінен табылған дене жарақаттары көлеміне байланысты оны жұдырықпен, аяқпен, шыбықпен басынан, құлақ, сан тұсынан ұрған кезде түсу мүмкіншілігі жоққа шығарылған.

Сот алқасы айыптау үкімінде көрсетілгендей Р. өз қарамағындағы жауынгерлерді автоматпен, күрекпен, рациямен, қол-аяғымен ұрып-соққанда, жауынгерлердің денелерінде дене жарақаттары қалмауы мүмкін емес деген тұжырымға келді.

Сондай-ақ сот тергеуі барысында айыптаушы тараптың ұсынысымен сот-криминалистикалық сараптама тағайындаған.

2016 жылғы 18 ақпандағы сарапшының қорытындысында жәбірленушілер Қ.-ның, М.-ның 2015 жылғы 17 желтоқсандағы қосымша жауап алу барысында олардың берген жауаптарында, яғни сөйлеу кезінде әңгімені егжей-тегжейлі бір қалыпты емес қарқындылықпен, аздаған үзілістермен, боямасыз дауыспен баяндауы, ол олардың өздеріне белгілі

мәліметтерді тергеу органдарына баяндау алдында ойланылған, алдын ала дайындалған тіл болып табылатындай әсер қалыптастыратыны көрсетілген.

Сонымен қатар бірінші саты сотында жәбірленушілер сотқа дейінгі тергеуде және қосымша берген жауаптарынан толықтай бас тартатындарын, яғни Р.-ның әскери тәртіпті қатаң басқарғандықтан, аға лейтенант Н.-ның «ұрып-соғады деп жазып берсеңдер, оны басқа заставаға ауыстырып жібереміз, қылмыстық іс қозғалмайды» деген сөзіне сеніп, ауыстыру мақсатында оның үстінен арыз жазғандарын көрсеткен.

Алайда бұл көрсетілген мән-жайлар төменгі соттардың назарынан тыс қалып, оларға құқықтық тұрғыдан тиісті баға берілмеген.


Жоғарыда аталғандардың негізінде сот алқасы Р.-ның іс-әрекетінде ҚК-нің 451-бабының бірінші бөлігінде көзделген қылмыстың құрамы болмағандықтан, ол осы қылмыс бойынша кінәсіз деп танылып, ақталуға жатады деген шешімге келді.

ҚПК-нің 38-бабы екінші бөлігінің 4) тармағына және 39-бабына сәйкес Р. қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу туралы талаппен ҚПК-нің 4-тарауында көзделген тәртіп бойынша сотқа жүгінуге құқылы.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Р.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерінің күшін жойып, Р.-ның іс-әрекетінде ҚК-нің 451-бабының бірінші бөлігімен көзделген қылмыстың құрамы болмауына байланысты іс өндірістен қысқартылды.

ҚПК-нің 4-тарауына сәйкес Р. қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге құқығы бар деп танылды.

Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы қанағаттандырылды.



Қылмысты саралау

Жергілікті соттар сотталғанның іс-әрекеттін дұрыс сараламағандықтан, олардың сот актілері өзгертілді

2019 жылғы 8 қазан

№ 2уп-377-19

Мамандандырылған ауданаралық сотының 2019 жылғы 14 наурыздағы үкімімен:

М. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 121-бабының төртінші бөлігімен кінәлі деп танылып, педагогикалық лауазымдарды және кәмелетке толмағандармен жұмыс жасауға байланысты лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыра отырып, 15 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған және жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде өтеу белгіленген.

М. мемлекет кірісіне 70 209 теңге процестік шығындар, жәбірленушілерге өтемақы қорына 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 72 150 теңге мәжбүрлі төлем өндірілген.

Мемлекеттік тіркеу нөмірі «Тойота Ланд Крузер Прадо» маркалы автокөлік мемлекет кірісіне тәркіленген.

Сот үкімімен М. көрінеу жас балаға қатысты оның дәрменсіз күйін пайдаланып, сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттер жасағаны үшін кінәлі деп танылған.

Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2019 жылғы 25 сәуірдегі қаулысымен сот үкімі өзгеріссіз қалдырылған.

Жәбірленушінің өкілі Ұ.-ның өтінішхатында өзі заңды өкілі болып табылатын үш жасар қызы С.-дан қылмыстық оқиғадан соң бір ай өткеннен кейін алған жауабы және оқиға үстінен түскен екі полиция қызметкерінің қарама-қайшы жауаптары М.-ға қатысты айыптау үкімін шығаруға жеткіліксіз деп есептеп, қызы С.-ның тергеушінің сұрақтарына жауап бере алмағанын, ал жауап алу хаттамасындағы сөздерді қызының айтпағанын, сот-сараптама қорытындылары да М.-ның қызына қатысты қылмысты жасағанын жоққа шығаратынын, заңсыз шығарылған үкім екі отбасының туыстық қарым-қатынасы мен балаларының болашақ тағдырына кері әсер ететінін көрсетіп, сот актілерінің күшін жоюды және қылмыстық істі жаңадан сот қарауына жіберуді сұраған.

Өтінішхатты қолдаған жәбірленушінің өкілі Ұ.-ның, оны

қанағаттандыруды сұраған адвокат Ш.-ның, сотталғанның адвокаты Б.-ның, сотталғанға қатысты сот актілерін өзгеріссіз қалдыруды сұраған прокурор Ә.-нің пікірлерін тыңдап, қылмыстық іс материалдарын зерделеп, сот алқасы сотталған М.-ға қатысты сот актілері төмендегі мән-жайлардың негізінде өзгертілуге жатады деп есептейді.

Қылмыстық іс материалдарынан анықталғандай, сотталған М. көрінеу жас бала К.-ға қуыршақ беріп, өзінің автокөлігіне отырғызып, қаланың сыртына шығып, оңаша жерге тоқтаған. М. көлік ішінде өзін және К.-ні іш киімсіз қалдырып, артқы орындықта өзінің қозып тұрған жыныстық мүшесін ұстап, жәбірленуші жас балаға қатысты сексуалдық сипаттағы өзге де зорлық-зомбылық әрекеттер жасаған.

Сот сотталған М.-ның көрінеу жас бала К.-нің дәрменсіздігін пайдаланып, өзінің қозып тұрған жыныстық мүшесін ұстап, оған қатысты сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттер жасаған деген тұжырымға келіп, нақты қандай зорлық-зомбылық әрекеттерді жасағанын ашып көрсетпеген.

Басты сот талқылауында куәлар - полиция қызметкерлері Д. мен Т. кешкі кезекшілік уақытында бейіттердің маңында мемлекеттік нөмірі «Тойота Ланд Крузер Прадо» маркалы автокөліктің жалғыз тұрғанына күдік келтіріп, оған жақындағандарын, қасына барған кезде автокөліктің есіктері құлыптаулы, алдыңғы орындықтардың ортасы жапқышпен жабулы, көлік қозғалыңқырап тұрғанын, ішінде адамның бары белгілі болғанын көрсеткен. Бір кезде артқы есіктен М. шығып, асығыс киініп, шалбарының белбеуін таға алмай әлектенгенін, іш киімінің астынан жыныс мүшесінің қозып, қатайған күйде тұрғаны байқалғанын, ал көліктің артқы орындығында отырған сәби – К.-нің белінен төмен жалаңаш, үстіңгі киімі түрулі күйде болғанын, автокөлік маңында пайдаланылған дәретхана қағаздары жатқанын баяндаған.

Жәбірленуші жас бала К. психологтың және оның заңды өкілінің қатысуымен берген айғақтарында М. автокөліктің екі алдыңғы орындығының ортасын көрпемен жапқаны, сосын оның лосинасы мен іш киімін шешкені, өзінің іш киімін шешкені, жыныс мүшесін қағазбен сүрткені, жыныс мүшесі үлкен болғаны, содан соң полиция қызметкерлерінің келгені, сол күні М. оған қуыршақ сыйлағаны жөнінде айтқан.

Басты сот талқылауында маман С. жәбірленуші жас бала К.-дан жауап алу кезінде психолог маман ретінде қатысқанын, С.-мен алдын ала танысып, онымен сөйлескенін, қойылған сұраққа жауап беру барысында М. өзін көлікпен әкелгені және оның жыныстық мүшесін көрген жөнінде айтып көрсеткен.

Басты сот талқылауында жас бала К.-ға қатысты кешенді сот-психиатриялық сараптамасын жүргізу барысында психиатр ретінде қатысқан маман В. С. анасының қатысуымен оқиғаның мән-жайын өздеріне

айтып бергенін, яғни С.-мен әңгімелесу кезінде ол М. ағасымен алысқа барғаны, оған қуыршақ алып бергені, көліктің ішінде М. ағасы оның іш киімін шешкені, сосын өзінің шалбарын шешкені, оның жыныстық мүшесін көргені туралы айтқанын көрсеткен.

Сот-медициналық сараптама қорытындысына сәйкес К.-нің қыз абыройының тұтастығы бұзылмағаны, жыныстық мүшесінің айналасында және артқы өткел тесігінде дене жарақаттары жоқ екендігі анықталған.

Сот-биологиялық сараптама қорытындысы бойынша М.-ның іш киімінен, жәбірленуші жас бала К.-нің киімдерінен, автокөліктен алынған орындық жапқыштан, көлік қасынан алынған дәретхана қағазынан, автокөліктің өзінен және орындықтарынан қан немесе шәуіт табылмаған.

«Зорлау және өзге де нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттерімен байланысты қылмыстарды саралаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 4 нормативтік қаулысының (бұдан әрі – Нормативтік қаулы) 1-тармағында әйел немесе еркек жынысты адамға табиғи емес нысанда жасалған жыныстық құштарлықты қанағаттандыруды (еркек пен еркектің жыныстық қатынасы, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасы және т.с.с.) өзге нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері деп түсіну керек делінген.

Нормативтік қаулының 6-тармағына сәйкес өзге нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттері сол әрекеттер нәпсіқұмарлық сипатта жасалына бастаған сәттен бастап аяқталды деп саналады.

Зорлауға немесе нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттеріне оқталуды басқа қылмыстардан ажырату кезінде кінәлі жәбірленушілердің еркінен тыс жыныстық акт немесе өзге нәпсіқұмарлық сипаттағы әрекеттер жасау мақсатында әрекет жасады ма және күш қолдану осы мақсатқа жетудің тәсілі болды ма, анықталуы керек. Осындай мән-жайлар болмаса, адам зорлауға немесе өзге нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану әрекеттеріне оқталғаны үшін жауаптылыққа тартылмайды.

Ал нормативтік қаулының 14-1-тармағында он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасағаны үшін, сол сияқты жас балаға қатысты азғындық әрекеттер жасағаны үшін (ҚК-нің 122 және 124-баптары) қылмыстық жауаптылық азғындық әрекеттер күш қолданылмай немесе оны қолданамын деп қорқытпай немесе жәбірленуші адамның дәрменсіз күйін пайдаланбай жасалған жағдайларда туындайтыны көрсетілген.

Іс бойынша жасақталған айыптау актісі мен сот үкіміне сәйкес сотталған М. жәбірленушінің көз алдында өзінің жыныстық мүшесін ұстап, жәбірленушіге қатысты сексуалдық сипаттағы өзге де зорлық-зомбылық әрекеттер жасаған деп айыпталған.

Алайда М. жәбірленуші жас балаға қатысты сексуалдық

сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттерін жасағаны не оны жасауға оқталғаны жәбірленушінің, куәлардың жауаптарынан және сараптама қорытындыларынан көрінбейді, бірақ та сотталғанның өз жыныс мүшесін жәбірленушінің көз алдында ұстап көрсеткені оның әрекетінде ҚК-нің 124-бабымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болуын дәлелдейді.


Істің мұндай тұрғысында, сотталған М.-ның әрекеттері ҚК-нің 121-бабаның төртінші бөлігінен ҚК-нің 124-бабының бірінші бөлігіне қайта саралануға жатады.

Сотталған М.-ға жаза тағайындау кезінде сот алқасы оған қылмыстық жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайларды, ауырлататын мән-жайлардың жоқтығын және жәбірленуші өкілінің пікірін ескерген.

Бұдан басқа, ҚК-нің 46-бабы бесінші бөлігінің 2) тармағына сәйкес М.-ға бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның өтелуі қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде белгіленуге жатады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған М.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгертіп, М.-ның әрекеттері ҚК-нің 121-бабаның төртінші бөлігінен ҚК-нің 124-бабының бірінші бөлігіне қайта сараланып, оған педагогикалық лауазымдарды және кәмелетке толмағандармен жұмыс жасауға байланысты лауазымдарды атқару құқығынан 7 (жеті) жылға айыра отырып, 5 (бес) жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Жазаны қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеу белгіленіп, сот актілерінің қалған бөліктері өзгеріссіз қалдырылды.

Жәбірленушінің өкілі Ұ.-ның өтінішхаты ішінара қанағаттандырылды.



Қылмыстық іс-әрекетті саралау

Пайдакүнемдік ниеттері дәлелденбегендіктен, сотталғандардың іс-әрекеттері өздерінің нақты немесе болжамды құқығын өз беттерінше жүзеге асыру деп қайта сараланды

2019 жылғы 15 қазан

№ 2ун-376-19

Алматы облысы Панфилов аудандық сотының 2018 жылғы 2 тамыздағы үкімімен Т. бұрын:

1) 2013 жылғы 9 қазанда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 178-бабының бірінші бөлігімен,

257-бабының үшінші бөлігімен ҚК-нің 58-бабының үшінші бөлігіне сәйкес 4 жылға бас бостандығын шектеуге;

2) 2014 жылғы 7 қарашадағы ҚК-нің 181-бабы екінші бөлігінің «а, б» тармақтарымен ҚК-нің 60-бабына сәйкес 5 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған,

- ҚК-нің 194-бабы үшінші бөлігінің 2-тармағымен 7 жылға бас бостандығынан айыруға, ҚК-нің 287-бабының үшінші бөлігімен 3 жылға бас бостандығынан айыруға сотталған.

ҚК-нің 58-бабына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы түпкiлiктi 7 жылға бас бостандығынан айыру жазасын қылмыстық-атқару жүйесiнiң қауiпсiздiгi барынша жоғары мекемесiнде өтеу белгiленген.

С.-ның соттылығы жойылмаған, ҚК-нің 194-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағымен 6 жыл 6 айға бас бостандығынан айыруға, жазасын қылмыстық атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде өтеуге сотталған.

ҚК-нің 14-бабының бірінші бөлігіне сәйкес сотталғандар Т. мен С.-ның іс-әрекеттерінде қылмыстардың қайталануы танылған.

Сотталғандар Т. мен С.-дан ортақ түрде мемлекеттің пайдасына 88 782 теңге 72 тиын сот шығындары өндірілген.

Сот үкімімен сотталғандар Т. мен С. адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жәбірленушіге күш қолданып, одан ірі мөлшерді құрайтын ақша талап етіп, қорқытып алушылық жасағандары, оған қоса Т. атыс қаруын заңсыз иемденіп, оны алып жүріп, сақтағаны үшін кінәлі деп танылған.

Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот

алқасының 2018 жылғы 9 қазандағы қаулысымен сот үкімі өзгеріссіз қалдырылған.

Сотталған Т. өтінішхатында өзіне қатысты шығарылған сот актілерімен келіспей, сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері және сот тергеуі біржақты айыптау бағытында жүргізілгенін көрсетіп, соттың тұжырымы істің нақты мән-жайына сәйкес келмегендіктен өз әрекетін ҚК-нің 194-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағынан ҚК-нің 194-бабының екінші бөлігіне қайта саралауды не ақтауды, ал ҚК-нің 287-бабының үшінші бөлігі бойынша тек ақтауды сұраған.

Прокурор С.-ның сот актілерін өзгеріссіз қалдыруды сұраған пікірін тыңдап, қылмыстық іс материалдарымен танысып және өтінішхаттағы уәждерін талқылап, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы мынадай тұжырымға келді.

«Кассациялық сатыда қылмыстық істер бойынша іс жүргізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 5 нормативтік қаулысының 23-тармағына сәйкес заң өтінішхаттарды қарау кезінде кассациялық сатыдағы соттан өтінішхат, берілмеген іс бойынша сотталған адамдарға қатысты сот шешімін қабылдауды талап етпейді. Сонымен қатар егер олардың әрекеттері соттың үкіміне өтінішхат берілген адамдардың іс-әрекеттерімен тығыз байланыста болса, ал олардың сыбайлас қатысып жасалған қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерін саралауды өзгерту басқа сотталған адамдардың әрекеттерін саралауды өзгертуге әкеп соғатын болса, онда сот өтінішхат берілмеген сотталған адамдарға қатысты соттың үкімін және қаулысын, бұл ретте олардың жағдайы нашарламайтын жағдайда, қайта қарауға құқылы.

Жоғарыда аталғанның негізінде сот алқасы осы қылмыстық іс бойынша сотталған С.-ға қатысты бөлігін негізінен қарау керек деп шешті.

Іс материалдарынан анықталғандай, жәбірленуші А. Б.-ның кедендік сақтау қоймасында тұрған жалпы сомасы 1 800 000 теңге тұратын 17 дана тонды шығарып беру үшін 200 000 теңгені қарызға алып, оны 10 күн ішінде қайтарып беруге уәде еткен. Ал Т. уәдесін орындамаған А.-ның ақшаны тауып бере алмайтынын айтқан сәтте, оның оң жақ құлақ аумағын пышақпен кесіп, жарақат келтірген. С.-да Т.-ның ақша тауып бер деген талабын қолдап, жәбірленушінің ішінен ұрған.

Алайда Т.-ның талаптарын орындай алмаған жәбірленуші А. өзінің өмірі мен денсаулығын сақтап қалу үшін олардан қорқып, олардың шалған ұялы телефондарына жауап бермей, өзінің қайда екенін айтпай, қонақ үйде тығылып жатқан.

Т., К. мен С.-ны ілестіріп, ақшаны және тонды талап етіп алу үшін атыс қаруы болып танылған газ тапаншасын қолына ұстап, жәбірленуші

А. жатқан бөлмеге кірген кезде полиция қызметкерлерімен ұсталған.

Сотталған Т.-ның атыс қаруын заңсыз иемденгені, алып жүргені және сақтағаны жәбірленуші А.-ның қонақ үйде тығылып отырғанда бөлмеге Т. қолында тапаншасымен, өзіне тақап келгенін, куә К.-нің А. жатқан қонақ үйге бет алып, жолда автокөліктің алдыңғы жолаушы орнында отырған Т.-ның қолынан маркасы белгісіз тапанша көргенін, куә У.-дің қонақ үйге бара жатқанда Т.-ның кобурадан тапаншасын шығарып, қолына ұстағанын, куә Б.-ның Т.-ның курткасының ішінен кобурада болған тапаншаны көргенін, қонақ үйге бара жатқанда Т.-ның кобурадан тапаншасын шығарып, қолына алғанын көрсеткен жауаптарымен және қылмыстық іс материалдарымен толық дәлелденген.

Істің мұндай тұрғысында, сотталған Т.-ның қылмыстық әрекеті ҚК-нің 287-бабының үшінші бөлігімен дұрыс сараланған.

Дегенмен сотталған Т.-ның сыбайласы С.-мен жәбірленуші А.-дан оның Б.-дан алған қарыз ақшасы мен тауарының құнын ғана қайтарып беруді талап еттім деген уәжін сот алқасы негізді деп есептейді.

ҚК-нің 389-бабының диспозициясына сәйкес өзінше билік ету дегеніміз Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке қарамастан, басқа адаммен немесе ұйыммен дауласып жатқан, өзінің нақты немесе болжамды құқығын өз бетінше жүзеге асыру болып табылады.

«Қорқытып алушылық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 23 маусымдағы № 6 нормативтік қаулысының 13-тармағында қорқытып алушылық тікелей ниетпен және пайдакүнемдік себеппен сипатталады, яғни қорқытып алушы жәбірленушіден мүлікті, мүлікке құқықты тегін алуды қалайды, осы орайда қорқытып алушы талап еткенін алуға өзінің нақты немесе ықтимал құқығы жоқ екенін ұғынады және басқа тұлғаның есебінен заңсыз баюға тырысады. Өзінше билік етудің субъективтік жағы да кінәлі адамның өзінің әрекеттері жөнінде тікелей ниетінің болуымен сипатталады, алайда қылмыскерде пайдакүнемдік себеп болмайды, себебі ол мүлікке нақты немесе ықтимал құқығы бар екенін, жәбірленушілер тарапынан оның пайдасына мүліктік сипаттағы әрекеттердің жасалатынын ұғынады, осы заттардың өзіне немесе басқа тұлғаларға берілуін, ал әрекеттердің өзінің пайдасына немесе басқа тұлғалардың пайдасына жасалуын қалайды делінген.

Сот алқасы істі қарау барысында соттар тарапынан жоғарыдағы талаптар ескерілмеген деп шешті.

Қылмыстық істің құжаттарына қарағанда, сотталған Т. басты сот талқылауында ҚК-нің 194-бабында көзделген айып бойынша кінәсін мойындамай, 2018 жылғы қаңтарда өзінің жұбайы Б. кеден бақылауы

арқылы 17 дана тонды өткізіп беру үшін жәбірленуші А.-ға 50 000 теңге бергенін, алайда соңғы уәдесін орындамай, тауарды кеденнен шығару үшін қажет деп Б.-дан тағы да 200 000 теңге алғанын, бірақ та ол не тауарды не ақшаны қайтармағанын, сол себепті ол жәбірленушіден тондардың құны мен Б.-дан алған ақшаларды қосқанда барлығы 2 500 000 теңгені қайтаруды талап еткенін көрсеткен.

Осындай мазмұндағы жауапты сотталған Т. сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында да берген.

Сот талқылауында сұралған куә Б. сотталған Т.-ның жұбайы екенін, онымен 2017 жылдан бері бірге тұратынын, өзінің А.-ға кеден арқылы 17 тонды өткізу үшін 50 000 теңге, артынан тағы да 200 000 теңге бергенін, бірақ А. тауар мен ақшаны қайтармағанын, жалпы 17 тонның құны 2 235 000 теңге, ал алған ақшаларды қосқанда, барлығы 2 500 000 теңгені құрайтынын, Т. жәбірленушіден тек өздеріне тиесілі ақшаны талап еткенін көрсеткен.

Жәбірленуші А. болса, сотқа дейінгі және сот тергеуі барысында Б.-дан 17 тонды кеден арқылы өткізуге көмектесем деп 50 000 теңге, артынша 200 000 теңгені тағы алғанын, бірақ уәдесін орындай алмағанын, Т.-ның одан көліктің ішінде «тауар қайда, ақша қайда, өзің қайда жүрсің» - деп сұрағанын, енді тауар керек емес, тапсырыс берген адам тауарды алмайды, сондықтан тауардың және кейін алған 200 000 теңгені қосқанда 2 500 000 теңге ақша беруін талап еткенін, ондай ақшаны таба алмайтынын айтқанында, Т. пышақ шығарып, оның оң жақ құлағын тіліп жібергенін, оны сол кезде С. отырған жаққа басын тартқанда, С. қолының шынтағымен ұрып, «тыныш отыр» дегенін көрсеткен.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде куә У. көліктің артқы орындығына А., Т. және С. үшеуі отырғанын, дауыс көтеріп, сөйлесіп отырған кезде Т. А.-ның құлағынан ұрып жібергенін, оның құлағы қанағанын, ал куә Б. көліктен шыққан кезде А.-ның оң жақ құлағы қан болып тұрғанын, әңгіме барысында Т. өзіне А.-ның құлағын пышақпен кесіп тастағаны туралы айтқанын көрсеткен.

Куә К. А.-ны кездестірген кезде оның оң құлағы жарақат болғанын, сөз барысында ол құлағын Б.-ның тауары үшін өткенде келген жігіттердің біреуі кесіп жібергенін айтқанын көрсеткен.

Сот-медициналық сараптама қорытындысына сәйкес 1992 жылы туған А.-ның құлақ тұсы аумағында кесілген жарақаты өмірге қауіп келтіру белгісі бойынша денсаулыққа жеңіл дәрежеде келтірілген зиянға жатады.

Сондықтан сот алқасы бұл мән-жайлар сотталған Т. мен С.-ның жәбірленуші А.-ның құқығы мен мүддесіне елеулі зиян келтіріп, күш қолданумен және оны қолдану қатерін төндірумен болжамды құқығын өз бетінше жүзеге асырмақ болып, өзінше билік ету деп сараланатын қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген тұжырымға келді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Т.-ға және С.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгертіп, Т.-ның іс-әрекеті ҚК-нің 194-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағынан осы Кодекстің 389-бабының үшінші бөлігіне қайта сараланып, осы бап бойынша сотталғанға 2 жыл 6 айға бас бостандығынан айыру белгіленді;

- Т.-ға ҚК-нің 287-бабының үшінші бөлігімен тағайындалған 3 жылға бас бостандығынан айыру жазасы өзгеріссіз қалдырылды. ҚК-нің 58-бабының екінші бөлігі негізінде Т.-ға тағайындалған онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сiңiру арқылы түпкілікті 3 жылға бас бостандығынан айыру, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде өтеу тағайындалды.

- С.-ның іс-әрекеті ҚК-нің 194-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағынан осы Кодекстің 389-бабының үшінші бөлігіне қайта сараланып, осы бап бойынша сотталғанға 2 жыл 6 айға бас бостандығынан айыру, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемесінде өтеу тағайындалды;

- сотталғандар Т. мен С.-ның іс-әрекеттеріндегі қылмыстардың қайталануы алынып тасталды.

Сот актілерінің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылып, сотталғанның өтінішхаты ішінара қанағаттандырылды.



Состав уголовного правонарушения

Судом дана неверная оценка фактическим обстоятельствам дела

5 ноября 2019 года

№ 2уп-421-19

Приговором суда № 2 города Атырау от 14 мая 2018 года:

М., ранее судимая - 18 апреля 2017 года по части 3 статьи 106 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК) к 9 годам лишения свободы, осуждена по части 1 статьи 428 УК к 2 годам 6 месяцам лишения свободы.

На основании части 1 статьи 60 УК путем частичного присоединения к вновь назначенному наказанию неотбытой части наказания по приговору от 18 апреля 2017 года окончательно назначено 9 лет 6 месяцев лишения свободы с отбыванием наказания в учреждении уголовно-исполнительной системы средней безопасности.

Срок отбытия наказания постановлено исчислять с 11 января 2017 года.

Приговором суда М. признана виновной в злостном неповиновении законным требованиям администрации учреждения.

Дело рассмотрено в согласительном производстве.

Приговор в апелляционном порядке не пересматривался.

В кассационном протесте Генеральный Прокурор считает, что приговор в отношении М. подлежит отмене с прекращением производства по делу ввиду неправильного применения уголовного закона, повлекшего осуждение невиновной, поскольку в ее действиях не усматриваются признаки уголовного правонарушения. Просит уголовное дело в соответствии с пунктом 2) части 1 статьи 35 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – УПК) прекратить за отсутствием в действиях М. состава уголовного правонарушения.

Выводы суда о виновности М. в инкриминируемом ей деянии не основаны на всесторонне, полно и объективно исследованных доказательствах, судом не дана надлежащая оценка всем имеющимся по делу обстоятельствам.

Так, приговором суда № 2 города Атырау от 14 мая 2018 года М. признана виновной по 6 эпизодам преступления, выраженного в злостном неповиновении законным требованиям администрации учреждения.

3 октября 2017 года, примерно в 00:30 часов, водворенная в дисциплинарный изолятор (далее – ДИЗО) за нарушение режима отбывания наказания осужденная М. в камере неизвестным предметом

нанесла себе телесные повреждения в виде порезов в области верхнего и нижнего запястья левой руки.

При этом свой проступок мотивировала несогласием с водворением в ДИЗО и установленным режимом содержания.

За данное нарушение постановлением начальника учреждения от 9 октября 2017 года М. объявлен выговор, и она переведена с обычных в строгие условия содержания.

11 ноября 2017 года М., содержащаяся в строгих условиях содержания, после вечерней проверки курила в туалетной комнате отряда.

Постановлением начальника учреждения от 12 ноября 2017 года ей объявлен выговор.

14 ноября 2017 года, примерно в 06:45 часов, М., находившаяся в строгих условиях содержания, отказалась производить уборку помещения – мыть полы, раковины, унитазы.

Постановлением начальника учреждения от 17 ноября 2017 года она водворена в ДИЗО на 3 суток.

7 декабря 2017 года, примерно в 08:45 часов, М. отказалась проводить уборку помещения – мыть полы, раковины, унитазы в одиночной камере (далее – ОК).

Постановлением начальника учреждения от 7 декабря 2017 года ей объявлен выговор.

8 декабря 2017 года М. отказалась убирать прилегающую к ДИЗО и ОК территорию.

Постановлением начальника учреждения от 13 декабря 2017 года она водворена в ДИЗО на 5 суток.

22 декабря 2017 года М. отказалась произвести уборку прогулочного двора ДИЗО.

Как установлено, все вышеуказанные правонарушения М. совершены во время ее нахождения в ДИЗО и ОК, а не в отряде учреждения.

Между тем под злостным неповиновением следует понимать умышленный отказ от исполнения законных требований представителя администрации учреждения, которое совершается в открытой форме.

Согласно пункту 8 Главы 2 Правил внутреннего распорядка учреждений уголовно-исполнительной системы, утвержденных приказом МВД Республики Казахстан от 17 ноября 2014 года № 819 (далее – Правила), во время нахождения в карантинном отделении осужденные знакомятся под роспись с порядком и условиями отбывания наказания, со своими правами и обязанностями, в соответствии с частью 6 статьи 9 Уголовно-исполнительного кодекса Республики Казахстан (далее – УИК) и указанными Правилами предупреждаются об ответственности за нарушение порядка отбывания наказания.

Им разъясняется о применении в учреждении технических средств

надзора, контроля и охраны, в случаях, предусмотренных Законом Республики Казахстан от 6 января 2011 года «О правоохранительной службе», применении физической силы, специальных средств и оружия, а в случаях групповых неповиновений и массовых беспорядков осужденных – о вводе режима особых условий в учреждении.

Однако в деле нет данных, свидетельствующих о том, что осужденная была ознакомлена под роспись с порядком и условиями отбывания наказания.

Нарушение установленного порядка отбывания наказания в виде отказа от выполнения уборки, курения в туалетной комнате и нанесении себе телесных повреждений в виде порезов М. ни по своему содержанию, ни по характеру нарушения не может являться основанием для ее привлечения к уголовной ответственности.

По данным фактам вынесено постановление о признании злостным нарушителем и о наложении взысканий в виде выговоров, водворения в ДИЗО и СУС. При этом свой проступок М. мотивировала несогласием с водворением в ДИЗО и установленным режимом содержания.

Суд по вмененным нарушениям ограничился лишь перечислением таковых без выяснения причин, мотивов, способов и обстоятельств их совершения.

При установленных обстоятельствах доказательств, свидетельствующих о наличии у осужденной М. умысла, направленного на злостное неповиновение законным требованиям администрации учреждения, не имеется.

Действия, за которые М. привлекалась к дисциплинарной ответственности, злостного характера не носят, поскольку они не повлекли нарушение нормальной деятельности уголовно-исполнительного учреждения и не подпадают под перечень, установленный частью 2 статьи 130 УИК.

С учетом этих обстоятельств судебная коллегия считает, что в действиях осужденной М. отсутствуют признаки преступления, предусмотренного частью 1 статьи 428 УК, и в этой связи производство по уголовному делу подлежит прекращению за отсутствием состава уголовного правонарушения.

На основании изложенного судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда отменила приговор суда первой инстанции в отношении М.

На основании пункта 2) части 1 статьи 35 УПК производство по уголовному делу по части 1 статьи 428 УК прекращено в связи с отсутствием в действиях М. состава преступления, применение части 1 статьи 60 УК отменено.

Протест Генерального Прокурора Республики Казахстан удовлетворен.

Назначение наказания

За совершение коррупционных преступлений предусмотрено пожизненное лишение права занимать должность только на государственной службе либо приравненной к ней работе

7 ноября 2019 года

№ 2уп-432-19

Приговором Каратауского районного суда г. Шымкент от 28 февраля 2019 года:

А., ранее не судимый, осужден по пункту 2 части 2 статьи 190 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК) к 2 годам лишения свободы с лишением права заниматься юридической деятельностью в виде оказания правовых услуг сроком на 3 года, по части 3 статьи 24, пункту 2 части 2 статьи 190 УК к 1 году 6 месяцам лишения свободы с лишением права заниматься юридической деятельностью в виде оказания правовых услуг сроком на 2 года, по части 4 статьи 28, пункту 3 части 3 статьи 367 УК к 7 годам лишения свободы с лишением права заниматься юридической деятельностью в виде оказания правовых услуг сроком на 10 лет.

На основании части 3 статьи 58 УК путем поглощения менее строгого наказания более строгим окончательно назначено 7 лет лишения свободы с лишением права заниматься юридической деятельностью в виде оказания правовых услуг сроком на 10 лет, с отбыванием наказания в учреждении уголовно-исполнительной системы средней безопасности.

Приговором суда А. признан виновным в неоднократном хищении чужого имущества путем обмана и злоупотребления доверием, в неоднократном покушении на хищение чужого имущества путем обмана и злоупотребления доверием и неоднократном склонении путем уговора Т. к даче взятки лицу, занимающему ответственную государственную должность.

Постановлением судебной коллегии по уголовным делам г.Шымкент от 22 мая 2019 года приговор оставлен без изменения, апелляционное ходатайство прокурора - без удовлетворения.

В протесте Генеральный Прокурор, не оспаривая квалификацию действий осужденного, просит вступившие в законную силу судебные акты изменить, назначить А. по части 4 статьи 28, пункту 3 части 3 статьи 367 УК дополнительное наказание в виде пожизненного лишения права занимать должности на государственной службе, судьи, в органах местного самоуправления, Национальном Банке Республики Казахстан

и его ведомствах, государственных организациях и организациях, в уставном капитале которых доля государства составляет более пятидесяти процентов, в том числе в национальных управляющих холдингах, национальных холдингах, национальных компаниях, национальных институтах развития, акционером которых является государство, их дочерних организациях, более пятидесяти процентов голосующих акций (долей участия) которых принадлежат им, а также в юридических лицах, более пятидесяти процентов голосующих акций (долей участия) которых принадлежат указанным дочерним организациям.

Так, суд первой инстанции назначил А. по части 4 статьи 28, пункту 3 части 3 статьи 367 УК дополнительное наказание: лишение права заниматься юридической деятельностью в виде оказания правовых услуг сроком на 10 лет.

На основании пункта 29 статьи 3 УК деяние, предусмотренное пунктом 3 части 3 статьи 367 УК, за которое А. осужден, относится к категории коррупционных преступлений.

Санкция части 3 статьи 367 УК предусматривает дополнительное наказание в виде пожизненного лишения права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью.

В соответствии с частью 2 статьи 50 УК, за совершение коррупционных преступлений лишение права занимать определенную должность или заниматься определенной деятельностью назначается обязательно и состоит в пожизненном запрете занимать должности на государственной службе, судьи, в органах местного самоуправления, национальном Банке Республики Казахстан и его ведомствах, государственных организациях и организациях, в уставном капитале которых доля государства составляет более пятидесяти процентов, в том числе в национальных управляющих холдингах, национальных холдингах, национальных компаниях, национальных институтах развития, акционером которых является государство, их дочерних организациях, более пятидесяти процентов голосующих акций (долей участия) которых принадлежат им, а также в юридических лицах, более пятидесяти процентов голосующих акций (долей участия) которых принадлежит указанным дочерним организациям.

Из этого следует, что уголовный закон за совершение коррупционных преступлений предусматривает пожизненное лишение права занимать должность только на государственной службе либо приравненной к ней работе.

При таких обстоятельствах судебная коллегия считает необходимым судебные акты изменить, назначить А. дополнительное наказание по части 4 статьи 28, пункту 3 части 3 статьи 367 УК в виде пожизненного лишения права занимать должности, указанные в части 2 статьи 50 УК,

с конкретизацией перечня должностей и организаций, перечисленных в данной статье.

Учитывая, что в протесте не ставится вопрос о применении статьи 58 УК и назначения А. дополнительного наказания путем поглощения менее строгого наказания более строгим, частичном или полном сложении наказаний, а дополнительные наказания за преступления, по которым осужден А., являются разными, судебная коллегия считает необходимым применить принцип поглощения менее строгого наказания более строгим, так как судом дополнительное наказание окончательно назначено ему по данному принципу. Дополнительное наказание по пункту 3 части 3 статьи 367 УК предусматривает пожизненное лишение права занимать должности, связанные с государственной службой, и является более строгим наказанием, чем дополнительное наказание, назначенное ему по части 2 статьи 190 УК.

На основании изложенного судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда изменила судебные акты местных судов и отменила дополнительное наказание, назначенное А. по части 4 статьи 28, пункту 3 части 3 статьи 367 УК, - лишение права заниматься юридической деятельностью в виде оказания правовых услуг сроком на 10 лет.

По части 4 статьи 28, пункту 3 части 3 статьи 367 УК назначено А. дополнительное наказание в виде пожизненного лишения права занимать должности на государственной службе, судьи, в органах местного самоуправления, Национальном Банке Республики Казахстан и его ведомствах, государственных организациях и организациях, в уставном капитале которых доля государства составляет более пятидесяти процентов, в том числе в национальных управляющих холдингах, национальных холдингах, национальных компаниях, национальных институтах развития, акционером которых является государство, их дочерних организациях, более пятидесяти процентов голосующих акций (долей участия) которых принадлежат им, а также в юридических лицах, более пятидесяти процентов голосующих акций (долей участия) которых принадлежат указанным дочерним организациям.

На основании частей 1, 3 статьи 58 УК путем поглощения менее строгого наказания более строгим окончательно назначено А. 7 лет лишения свободы с пожизненным лишением права занимать должности на государственной службе, судьи, в органах местного самоуправления, Национальном Банке Республики Казахстан и его ведомствах, государственных организациях и организациях, в уставном капитале которых доля государства составляет более пятидесяти процентов, в том числе в национальных управляющих холдингах, национальных холдингах, национальных компаниях, национальных институтах развития, акционером которых является

государство, их дочерних организациях, более пятидесяти процентов голосующих акций (долей участия) которых принадлежат им, а также в юридических лицах, более пятидесяти процентов голосующих акций (долей участия) которых принадлежат указанным дочерним организациям.

В остальной части судебные акты оставлены без изменения.

Протест Генерального Прокурора Республики Казахстан удовлетворен.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ
СОТЫНЫҢ БЮЛЛЕТЕНІ**
ресми басылым

БЮЛЛЕТЕНЬ
ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
официальное издание

Басуға 23.12.2019 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Қаріп түрі “Times New Roman”
Офсеттік басылым. Таралымы 2 221 дана. Тапсырыс
№ 11.

Подписано в печать 23.12.2019 г.
Формат 60x84 1/8. Шрифт “Times New Roman”
Печать офсетная. Тираж 2 221 экз. Заказ № 11.

«Big Dream» ЖШС баспаханасында басылды.
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, К.Бәйсейітова көшесі,
114/2.
Тел.: 28-99-25, 28-99-15, 37-70-74